

ОЙЫЛ

АУҚЫМДЫ ЖОБАЛАР, АЛДАҒЫ МІНДЕТТЕР...

ЖУЫРДА АУДАН ӨКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ОЙЫЛ АУДАНЫНДА АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ЖҰМЫСТАР ЖӨНІНДЕ АУДАН ӨКІМДІГІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ПАРАҚШАСЫНДА БАЯНДАДЫ. БИЫЛҒЫ ЖЫЛЫ ҰЛТТЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ЖӘНЕ ӨНІР БАСШЫСЫНЫҢ ХАЛЫҚПЕН КЕЗДЕСУДЕ БЕРГЕН ТАПСЫРМАЛАРЫ АЯСЫНДА БІРҚАТАР ЖОБА ҚОЛҒА АЛЫНДЫ. ӨКІМ АЛДЫМЕН ҚЫСҚЫ МАЛ АЗЫҒЫН ДАЙЫНДАУ ЖҰМЫСТАРЫНА ТОҚТАЛДЫ.



Ауданымыздың негізгі бағыты ауыл шаруашылығы, соның ішінде мал шаруашылығы. Сондықтан мал азығын дайындау шаруа қожалықтары мен келісе отырып, 1897 аулаға яғни, 90 пайыз мал азығы түсірілді. Бұл бағыттағы жұмыстар әлі де жалғасуда. Мал азығын дайындауда лиманды алқаптар қолайлы. Сондықтан, өткен жылдарғы су тасқынының салдарын жою жұмыстары жалғасып жатыр. Яғни, «Қазсушар» мекемесі арқылы бүгінгі күні 4100 га Қиыл-Тассай лиманды алқабындағы су тасқыны кезінде

бұзылған бөгеттер толық жөнделді. Аудандағы елді-мекендерді газдандыру бойынша кешенді жоспарға сәйкес, биыл 3 ауыл - Шикұдық, Амангелді, Көптоғай ауылдарына көгілдір отын берілді. Келесі жылы Қаракемер, Ақшатау Кемер, Ақкемер ауылдарына ауылшілік газ құбырын тарту жоспарланады. Ауызсумен қамтамасыз ету бойынша ауданның 21 елді-мекеннің 20-сы сапалы ауызсумен қамтылса, Көптоғай ауылдық округіне қарасты Қарасу ауылындағы орталықтан-дырылған ауызсу құбырының құрылысы биыл аяқталады. Жол құрылысы негізінен көлемді қаражатты талап

ететін жоба. Қазіргі таңда Ойыл-Қараой бағытындағы автомобиль жолының 15-30 және 30-45 км бөлігінде орташа жөндеу, Қаратал ауылына және Ойыл селосына кіреберіс автомобиль жолдарын ағымдағы және орташа жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Сондай-ақ, Қаратал ауылындағы Сүлеймен Әулие, Ш.Берсиев және Ж.Жүсібалиев көшелеріне күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Ал, көпір құрылысына келер болсақ, бұл да үлкен қаражатты талап ететін стратегиялық жоба. Бүгінгі күні Ойыл селосына кіреберіс көпір құрылысы жүргізіліп жатыр. Қазіргі таңда 70 жерасты ұңғыма

құймалары құйылды. 3 тірек тұрғызылды, 8 тірек көпірдің 50 бетон плиталарының 43-і жеткізілді. Әлеуметтік нысан құрылысы бойынша аудан орталығындағы жаңадан бой көтерген 320 орындық мектеп және 150 орындық балабақша құрылысы аяқталу сатысында. Қаратал ауылындағы жаңа 60 орындық балабақшаның құрылыс жұмыстары аяқталды. Аудан тұрғындарын тұрғын үймен қамтамасыз ету мақсатында 8 пәтерлік 2 тұрғын үй құрылысы басталды. Аз қамтылған және көпбалалы отбасылар үшін 28 пәтер сатып алынады. 3 жаңа коммуналдық тұрғын үй аяқталу сатысында.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БАС ПРОКУРАТУРАСЫ ЕСКЕРТЕДІ!



Бұқаралық ақпарат құралдары мен әлеуметтік желілерде ұтыстар өткізілетіні туралы жарнама кеңінен жарияланып, оған көптеген азаматтар қатысуда. «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы», «Жарнама туралы», «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарын қатаң сақтау қажет. Лотерея ұтысын лотерея операторлары ғана өткізе алады. «Лотереялар және лотерея қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы. Лотерея операторы – уәкілетті мемлекеттік органнан тиісті рұқсаты бар лотерея өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға. Лотереяны өткізу шарттарын Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрлігімен келісуге міндетті. Ресми операторлар болып табылмайтын және уәкілетті органнан рұқсат алмаған жеке тұлғалардың, сондай-ақ заңды тұлғалардың лотереялар өткізуіне қатаң тыйым салынады.

18 жасқа толған азаматтарға ғана қатысуға рұқсат етіледі. Заңға сәйкес өкілетті бар оператор/таратушы (агент). Жүлде қорын лотерея операторы қалыптастырады. Жүлде қоры өткізілген лотерея билеттерінен түскен түсімнің кемінде 50%-нан, не өз қаражаты есебінен. Жүлде қорының құрамы мен мөлшері туралы барлық ақпарат ашық және қатысушыларға қолжетімді болуы керек. «Тұтынушылардың құқығын қорғау туралы», «Жарнама туралы», Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес: ұсынылған тауарлар, сондай-ақ оның жарнамасы туралы ақпарат анық болуы тиіс. Лотереялар және лотерея қызметі туралы заңнаманы бұзу ӘҚБтК-нің 445-1-бабы бойынша 500-ден 2000 АЕК-ке дейін айыппұлды көздейді. Лотерея қызметін алаяқтық мақсатта пайдалану ҚК-нің 190-бабы бойынша 10 жыл бас бостандығынан айыруға дейін қылмыстық жауаптылықты көздейді. «Жеңіл олжа» ауыр салдар. Өзіңді және өз қаражатыңды қорға!»

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ АНАЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҮНДЕУІ

Адамға өмірде ең керегі – отбасы. Ал отбасылық құндылықтар – кез келген қоғам үшін маңызы зор адами құндылықтар. Мемлекет басшысы өзінің президенттігінің басынан бастап отбасын қолдауға, қорғауға бағытталған саясатты жүйелі түрде жүргізіп келеді. Сондықтан, мемлекеттің тұрақты дамуының факторы - БАҚЫТТЫ ОТБАСЫН қалыптастыру. Бақытты отбасы дегеніміз әкеңнің патшалығы, ананың әлемі, баланың жәннәті және мемлекеттің тірегі. Біз, Қазақстан халқы Ассамблеясының Аналар кеңесі, бақытты адамдардың бақытты қоғамын қалыптастыруға шақырамыз. Бақытты қоғам болу өзіміздің қолымызда, құрметті отандастар. Осыған байланысты ҚХА Аналар кеңесі мынадай үндеу жасайды: - отбасында құрмет пен өзара көмек принциптерін дәріптеу; - балалармен сенімді қарым-қатынас жасау; - әркім өзінің құқықтық мәдениетін көтеру; - адам құқықтарын қорғауға бағытталған заңдардың қатаң орындалуына жәрдемдесу; - бала бақшадан, мектеп орындарынан зорлық-зомбылыққа «нәлдік тәзімділікті» сіңіру; - біздің елді зорлық-зомбылықсыз өңір ету. Құрметті ата-аналар, естеріңізде болсын! - баланың бақытты мекені – өз отбасы; - ерлі-зайыптылар арасындағы, балалар мен ата-аналар арасындағы үйлесімді қарым-қатынас – берекелі тіршілік негізі;

- бала қымбат сыйлықтардан гөрі сіздің көңіл бөлгеніңізді қалайды; - толерантты отбасында (өзара сыйластық бар) толерантты бала өседі; - отбасында қорқытып-үркітуді көрмеген бала басқаларға жамандық жасамайды; - әулет абыройы ынтымағы жарасқан отбасынан басталады. Құрметті әкелер, естеріңізде болсын! - ұлыңыз сізді үлгі тұтып өліктейді, қызыңыз сізге ұқсас жар таңдайды; - отбасының қауіпсіздігі мен бақаттылығы сіздің қолыңызда; - ашу – дұшпан, ақыл – дос, зорлық-зомбылық отбасын күйретеді; - өзіңді күшпен сыйлату мүмкін емес - зорлық-зомбылық отбасы құндылықтарын тасатқан етеді; ұрып-соғу үрей тудырып, әйелің мен балаларыңды бақытсыз етеді; - бақытты болу үшін - сабыр, ақыл, мейірім керек. Құрметті аналар, естеріңізде болсын! - сіз - балаларыңыз үшін «бүтін әлемнің шырағысыз»; - ананың мәдениеті, білімі, өмірлік дұрыс ұстанымы өз құқықтарын білетін және басқаларды құрметтейтін азаматтарды тәрбиелейді; - жұртқа «жақсы отбасы» болып көріну үшін зорлық-зомбылыққа төзуге, балаларыңызды «құрбан» етуге болмайды; - ананың сыйлы бола білуі – мәдениетті отбасын қалыптастырады; - балаларыңыздың болашақта бақытты болуы – сіздің бақытты болуыңызға тікелей байланысты.

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ - ОРТАҚ МІНДЕТ

8 қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Жолдау - еліміздің алдағы даму бағытын айқындайтын стратегиялық құжат. Онда экономиканың жаңа тетіктерін қалыптастыру, заманауи технологияларды енгізу, халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту сынды бірқатар маңызды міндеттер қойылды. Президент тапсырмаларын талқылап, өңірде жүзеге асыру жолдарын қарастыру мақсатында аудан әкімдігінде кеңейтілген жиын өтті. Жиынға аудан әкімінің орынбасарлары, ауылдық округ әкімдері, бөлім басшылары қатысты. Жиынға төрағалық еткен аудан әкімі Асқар Қазыбаев Жолдаудың өзектілігіне тоқталып өтті. Президент Жолдауында инвестиция тарту, агроөнеркәсіп кешенін дамыту, көлік-логистика инфрақұрылымын жетілдіру мәселелеріне айрықша назар аударылды. Сонымен қатар, жасанды интеллект пен цифрлық шешімдерді енгізудің

өл экономикасы мен қоғам өміріндегі рөлі ерекше атап өтілді. Әлеуметтік әділеттілік, білім беру мен денсаулық сақтау жүйесін жетілдіру, экология, өңірлік даму, цифрлық теңсіздікті жою бағыттары бойынша да нақты тапсырмалар берілді. Жиын барысында аудан әкімінің орынбасарлары өз салаларына қатысты баяндамалар жасап, алдағы уақытта жүзеге асырылатын шаралар жоспарын таныстырды. Әсіресе ауыл шаруашылығы, цифрландыру, әлеуметтік қолдау, инфрақұрылымды дамыту мәселелері назарға алынды. Асқар Қазыбаев жиынды қорытындылай келе, әр сала басшысына нақты тапсырмалар жүктеп, Жолдауда айқындалған міндеттерді орындауда табандылық таныту қажеттігін атап өтті. - Президент ұсынған жаңа бастамалар - халқымыздың игілігі үшін жасалған қадамдар. Біздің міндетіміз - сол міндеттерді сапалы орындап, ауданымыздың дамуына үлес қосу. Әр сала бойынша қойылған міндеттерді сапалы орындау үшін баршамыз бірлесе еңбек етуіміз тиіс, - деді аудан әкімі. Гаухар АЛЕКСЕЕВА, Ойыл селосы.

МҰҚАШЕВТАР ОБЛЫСТЫҚ «БЕРЕКЕЛІ ОТБАСЫ» БАЛЫҚ АУЫСЫНДЫ ЖЕЖУМАЛДЫ



Отбасы мүшелері ұлттық құндылықтарды ұлықтап, бірлік пен берекенің озық үлгісін көрсете біліп, Ойыл ауданынан Ж.Жүсібалиев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің дене тәрбиесі пәні мұғалімі Мұқашев Нұрлыжан Амангелді

діұлы отбасымен «Берекелі отбасы» облыстық байқауына қатысып, жоғары нәтиже көрсетіп, жүлделі орынға ие болды. Елімізде үлгі болар берекелі де мерекелі отбасылар көбіне берсіні!

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі

№	Жер учаскесінің орналасқан жері,жер учаскесінің лот №	Жер учаскесі қандай мақсатқа беріледі	Жалға беру мерзімі, жыл	Жалпы ауданы, га	Алқаптардың құрамы оның ішінде				Топырақтың сапалық сипаттамасы, орташа балл бонитет	Сүмен қамтылуы
					Егістік	Жайыл-ымдық	Ша-бындық	Басқа жерлер		
1	Лот 1, учаске №1, Саралжын ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	1000,0	-	998,1	-	1,9	11	қамтылған
2	Лот 2, учаске №1 Сарбие ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	500,0	-	499,2	-	0,8	11	қамтылмаған
3	Лот 3, учаске №1 Қарасой ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	289,0	-	288,0	-	1,0	11	қамтылмаған
4	Лот 4, учаске №1 Сарбие ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	500,0	-	499,7	-	0,3	11	қамтылмаған
5	Лот 5, учаске №1 Көптоғай ауылдық округі	Ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	10 жыл	780,0	-	715,07	-	64,93	11	қамтылмаған

ЕСКЕРТПЕ !!!

Жеке және заңды тұлға болып табылатын қатысушы конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттар ұсынады:

1) конкурсқа қатысуға арналған өтінім;

2) конкурстық ұсыныс;

Конкурстық ұсыныста:

1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны);

2) шаруашылықішілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер;

3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылады. Конкурстық ұсыныстың беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін – қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін – бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткен соң, 15 (он бес) жұмыс күн аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастары бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады. Толық ақпаратты «Ойыл аудандық жер қатынастары бөлімі» ММ-нен, байланыс телефондары арқылы 8(71332) 2-18-80 алуға болады.

ИНФОРМАЦИОННОЕ ОБЪЯВЛЕНИЕ

ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» объявляет о проведении конкурса по предоставлению права временного возмездного землепользования (аренды) на земельные участки сельскохозяйственного назначения для ведения крестьянского или фермерского хозяйства.

№	Номер лота и место расположения земельного участка	Целевое назначение земельного участка	Срок аренды земем. участка	Площадь, га	Состав угодий в том числе				средний балл бонитет	Оснащен реками, озерами
					Пашня	Пастбища	Сенокос	Другие земли		
1	Лот 1, участок №1, Саралжинский сельский округ	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	1000,0	-	998,1	-	1,9	11	Оснащен
2	Лот 2, участок №1 Сарбиеский сельский округ	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	500,0	-	499,2	-	0,8	11	Не оснащен
3	Лот 3, учаске №1 Караойский сельский округ	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	289,0	-	288,0	-	1,0	11	Не оснащен
4	Лот 4, участок №1, Сарбиеский сельский округ	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	500,0	-	499,7	-	0,3	11	Не оснащен
5	Лот 4, участок №1, Коптогайский сельский округ	Для ведения товарного сельского хозяйства	10 лет	780,0	-	715,07	-	64,93	11	Не оснащен

Примечание !!!

Для участия в конкурсе являющийся физическим и юридическим лицами представляет следующие документы:

1) заявка на участие в конкурсе;

2) конкурсное предложение;

В конкурсном предложении:

1)бизнес-план (прогнозный объем инвестиций, площади возделывания сельскохозяйственных культур, поголовье сельскохозяйственных животных, применяемые агротехнологии, наличие сельскохозяйственной техники и технологического оборудования, квалифицированных специалистов в области сельского хозяйства, количество создаваемых рабочих мест);

2) обязательства по составлению и освоению проекта внутрихозяйственного землеустройства, выполнению мероприятий по развитию сельскохозяйственной инфраструктуры;

3) обязательства по исполнению требований земельного законодательства Республики Казахстан, включая Правил рационального использования земель сельскохозяйственного назначения, утвержденных приказом Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 17 января 2020 года № 7 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 19893), и Правил рационального использования пастбищ, утвержденных Заместителя Премьер-Министра Республики Казахстан – Министра сельского хозяйства Республики Казахстан от 24 апреля 2017 года № 173 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов № 15090), выполнению индикативных показателей по диверсификации структуры посевных площадей сельскохозяйственных культур в соответствии со специализацией региона, соблюдению научно-обоснованных агротехнологий, фитосанитарных и карантинных требований. Предложения представляются в запечатанном конверте, пронумерованым, прошитыми или несмываемыми чернилами, последняя страница конкурсного предложения заверяется подписью участника – для физических лиц (или поверенного) и подписью первого руководителя (или по доверенности) и печатью (при наличии) – для юридических лиц. Прием и регистрация заявок на участие в конкурсе производится по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня опубликования извещения о проведении конкурса, в течение 15 (пятнадцати) рабочих дней. С схемой размещения земельных участков, выставляемых на конкурс можно ознакомиться на интернет-ресурсе местного исполнительного органа, в информационных уголках сельских округов и районного отдела земельных отношений. Более подробную информацию можно получить в ГУ «Отдел по земельным отношениям Уилского района» по телефону 8(71332) 2-18-80

ЕҢБЕК ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚАДІР-ҚАСИЕТІНІҢ ҚОРҒАЛУЫ

Еңбек құқығы – бұл азаматтардың еңбек қатынастарына қатысу, еңбек шарты бойынша жұмыс істеу, жалақы алу, қауіпсіз және әділ еңбек жағдайында болу сияқты құқықтары мен міндеттерін реттейтін құқық саласы. Қазақстан Республикасының Конституциясы еңбек құқығын қорғауды қамтамасыз етеді және әрбір азаматтың қауіпсіз, тең мүмкіндікке негізделген еңбек жағдайында жұмыс істеуін көпілдендіреді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында еңбек құқығы айқын түрде қорғалған және әр азаматтың еңбек етуге, өз кәсібін таңдауға, әділ және қауіпсіз еңбек жағдайында жұмыс істеуге құқығы бар екені атап көрсетілген. Мысалы, Конституцияның 24-бабының бірінші тармағында әрбір азаматтың еңбек етуге, оның ішінде өз кәсібін немесе мамандығын еркін таңдау құқығына ие екені көрсетілген. Бұл норма еңбек қатынастарының еркіндігін қамтамасыз етеді және азаматқа өз қабілеттері мен мүддесіне сай жұмысты таңдау мүмкіндігін береді, сонымен қатар жұмыс орнында қауіпсіздік пен әділеттіліктің сақталуына көпілдік береді.

Сонымен қатар, Ата заңымыздың жоғарыда аталған бабының екінші тармағы әрбір адамның өз еңбегіне лайықты және уақытында ақы алуға құқылы екенін айқындайды. Бұл норма еңбекке деген әділ бағалауды және қызметкердің құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді, яғни жұмыс беруші еңбекті жалақымен, сыйақымен кемітпелісіз қамтамасыз етуге міндетті.

Осылайша, Конституция еңбек құқығын тек экономикалық қатынастармен шектемей, сонымен қатар азаматтардың адамдық қадір-қасиеті мен қауіпсіздігін қорғау, әділдік пен теңдікті сақтау тұрғысынан да қарастырады. Бұл нормалар мемлекеттік қызметшілердің және барлық азаматтардың құқықтарын қорғаудың құқықтық негізін құрайды, еңбек қатынастарында әділдік пен сенімділікті қамтамасыз етеді. Қазақстанда мемлекеттік қызметшілердің құқықтары мен ар-намысын қорғау - қоғамдағы тұрақтылық пен мемлекеттік басқарудың тиімділігінің маңызды факторы болып табылады. Тәртіпті, қауіпсіз және әділ жұмыс ортасы тек заң талаптарының сақталуымен ғана емес, сонымен қатар моральдық-психологиялық атмосфераның дұрыс құрылуымен қамтамасыз етіледі.

Дегенмен, соңғы жылдары түрлі санаттағы еңбеккерлер, оның ішінде мемлекеттік қызметшілердің арасында жүргізілген сауалнамалар еңбек саласында әлі де болса дискриминацияның, яғни кемсітушіліктің бар екендігін көрсетіп отыр. Осылайша, 2024 жылы Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Ақтөбе облысы бойынша өкілдігі жүргізген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде, Қазақстандағы еңбек саласында дискриминация әлі де кең таралған құбылыс екендігі көрініді. Мемлекеттік қызметшілер арасында да төмендегі мәселелер байқалды:

- Жыныстық дискриминация: әйелдер мен ерлерге тең мүмкіндік берілмеуі, әйел қызметкерлерге жүктелетін қосымша міндеттер немесе мансаптық өсуге шектеулер.
- Жасқа байланысты шектеулер: жас қызметкерлердің тәжірибесіздігі немесе зейнет жасына жақындаған қызметкерлердің біліктілігін төмен бағалау.
- Харассмент (ағылш. harassment – қудалау, мазалау) – адамға өз қалауынан тыс физикалық қысым жасау, зорлық көрсету, ерсі сөздер арқылы, хабарлама арқылы бопсалау, жыныстық қатынасқа түсуге тарту, адамның арына тиетін сөз айту, жеке шекарасын бұзу.
- Қауіпсіздік пен әлеуметтік кепілдіктердің төңіздігі: еңбек жағдайларының қолайсыздығы, материалдық және моральдық қолдаудың жеткіліксіздігі.

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, қызметкерлердің 32,1%-ы өздерінің жалақысын бірдей жұмыс атқаратын әріптестерге қарағанда төмен деп есептейді, бұл моральдық қысым мен жұмысқа деген ынтаны төмендетеді. Сонымен қатар, бей-

тарап бақылау мен қоғамдық бақылаудың жеткіліксіздігі дискриминация мен харассменттің алдын алу мен оны жоюда кедергі келтіреді.

Жұмыскерлердің, мемлекеттік қызметшілердің ар-намысы мен қадір-қасиетін сақтау үшін ұйымда қолайлы жұмыс атмосферасын қалыптастыру өте маңызды. Мұндай ортада қызметкерлер бір-біріне сыйластықпен қарайды, әр қызметкердің кәсіби жетістіктері әділ бағаланады және қызметкерлер өз құқықтары мен міндеттерін біледі, дискриминация мен харассментке жол берілмеуін қамтамасыз етеді.

Бұл қағидалар қызметкерлердің жұмысқа деген сенімін арттырады, кәсіби міндеттерді тиімді орындауға және ұйым ішінде тұрақты ынтымақтастыққа ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметшілердің еңбек жағдайларын, құқықтары мен ар-намысын қорғау - бұл тек заңдық міндет емес, сонымен қатар қоғам мен мемлекеттік құрылымның мәдениетінің айнасы. Тәртіпті және инклюзивті жұмыс ортасы қызметкерлердің кәсіби өсуіне жол ашып, қоғамдағы тұрақтылық пен сенімділікті қамтамасыз етеді. Харассменттің кез-келген формасына қарсы тұру және құқықтық негіздерді жетілдіру - бұл қазіргі күннің өзекті міндеттерінің бірі. Осы ретте, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына харассмент ұғымына байланысты енгізілуі тиіс өзгерістердің жобасы даярланғаны қуантарлық жайт.

Мемлекеттік қызметтің беделін өсіруде еңбек ұжымдарында еңбек құқықтарының бұзылуына жол бермеу, адамның жеке басының қадір-қасиетінің құрметтелуін дәріптеу мәдениетін қалыптастыру - мемлекеттік мекемелердің басшыларына үлкен міндет жүктейді.

Мемлекеттік қызметтің беделін арттыру тек қызметкерлердің кәсіби дайындығына ғана емес, олардың құқықтық және моральдық қорғалуына да байланысты. Еңбек ұжымдарында еңбек құқықтарының бұзылмауы, адам қадір-қасиетінің құрметтелуі, сондай-ақ әр қызметкердің өз пікірін білдіру және кәсіби дамуға тең мүмкіндік алу мәдениетін қалыптастыру - мемлекеттік мекемелердің тұрақтылығы мен сенімділігін қамтамасыз ететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Сондықтан еңбек құқықтарын сақтау, дискриминация мен харассменттің кез келген түрін болдырмау, әділдік пен сыйластық қағидаларын насихаттау мемлекеттік басқарудың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл тек заңдық міндет емес, сонымен бірге қызметкерлердің психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, ұйым ішіндегі моральдық ахуалды көтеру және азаматтар алдындағы мемлекеттік қызмет беделін арттырудың тиімді құралы болып саналады.

Дегенмен, еңбек саласында жұмыс берушілер тарапынан қызметкерлердің құқықтарын бұзушылықтар жиі кездесетін келеңсіз құбылыс. 2025 жыл ішінде Адам құқықтары жөніндегі ұлттық орталықтың Ақтөбе облысы бойынша өкілдігіне еңбек құқықтарының бұзылуы бойынша 7 шағым түссе, олар бойынша Ақтөбе облысының прокуратурасымен, Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитетінің Ақтөбе облысы бойынша департаментімен бірлескен жұмыс нәтижесінде 1 жұмыс беруші әкімшілік жауаптылыққа тартылды, 4 азаматқа тиесілі жалақылары төленді. Сонымен бірге, Өкілдік азаматтардың еңбек құқықтарын қорғау саласында қоғамдық ұйымдармен, оның ішінде кәсіподақ бірлестіктерімен тығыз жұмыстануда. Осылайша, қызметкерлер еңбек қатынастарында әділетсіздікке ұшыраған кезде уақытлы әрекет етіп, құзырлы органдарға, уәкілге, өзі мүше болып табылатын кәсіподақ ұйымына жүгінуге толық құқығы бар.

Аққалқа БАЙДУЛЛИНА,
Қазақстан Республикасындағы
адам құқықтары жөніндегі
Үкілдік Ақтөбе облысы
бойынша өкілі.

АЙ ЖЕРДІ ЖЕТЕЛЕП ЖҮРЕДІ

— Ей, бұларың не? — дедім мен ышқынып.

— Сорлы, өліп қаласың, киін! — деді жандайшаптардың бірі құлағыма сыбырлап. — Мен көзді ашып-жұмғанша, киіз тон, киіз тұмақ, киіз шалбарға оранып, керзі етік киіп, күмбірдім де қалдым.

— Ал, енді қаш! — деп айқайлады Тапан. — Мен сіресіп орнымда тұра бергенмін. — Қаш! — деді Тапан барқырап. Алабай төбеттер бастарын итапқтарынан көтеріп, арп-арп етіп, ауа қапты. — Қаш! — деді Тапан машинаның өзі отырған тұсынан шопақ мылтықты суырып алып. — Қаш, әйтпесе атып тастаймын!

— Тапанға сені ата салу түкке тұрмайды, қашсаңшы, байқұс-ау, жаның қалады ғой, — деді жаңағы құлағыма «киін» деп сыбырлаған жандайшап. — Тапан шопақ мылтығының шүріпкесін шіміркіпей ба-сып қалған екен, оқ құлағымының түбінен ысқырып өтті.

— Қаш! — Мен қорбандап қаша жөнелдім. Алабай төбеттер екі атағанымды күтпей, бірі жотамнан ала түсті де, бірі аузын қара саныма қаршi өткізіп қадады. Жұлмалап жатыр, шайнап жатыр. Киіз тон мен киіз шалбар бұрқырап, алабайлардың аузына толып қалады.

Төбеттер киізді езулерінен ақтаыр тастап, қанжардай тістерін сақылдатып, соқа тіс тырнақтарын денеме батырып, қайтадан бас са-лады. Алғашында теңселсем де жығылмай, тіресіп баққам. Апайтес алабайдың бірі екпіндеп келіп омырауымен қаққанда, буынымнан әл кетіп, бүкетіліпін түстім. Жалаңаш бетімді қорғаудан басқа аамалым қалмай, екпetteп жатып алып едім, алабайлардың бірі жотамнан тар-тып, бірі балтырымнан созып, көр-гледі. «Тарта бер, жұртым, тарта бер!».* «Алай бер! Кергіле, соз! Сүйегімді құл-талқан қыл да, етімді жапырақтап-жұлпы же! Маған мынау ит өмірдің көрегі жоқ. Оданда сүйегімді ит мүжіп, етімді ит жесін. Ет пен сүйегім алабайлардың қарынын тойдырса, рухым — азат. Таландар, жеңдер мені, төбеттер!» Кенет, мен өзімді тұңғыық көктен көргендей болдым. Киіз тон, киіз шалбардың ішінде домаланып біреу жатыр. Ит-терден қорқады. Иттердің аузында шайналамын деп қорқады. Өлемін деп қорықады. «Қорықпа, — деймін мен оған, — қорықпа, беріп, иттердің қанжар тістеріне төніңді рахаттанып төсей түс. Жаныңды қинама. Жа-ныңды босат. Сонда сен де шырқау биікке шырқап шығасың».

«Жүрегі жарылып кеткен жоқ па?». «Тапып қалыпты». «Бетіне су шашсақ, есін жияды». «Шал, мынаны бірдеңе қылып тіріл-тіп ал». Осы сөздерді мен алыстан естіген-дей хал кешіп жатып, түн жарымын-да тірі екенімді білдім. Тапан жан-дайшаптарымен киік қуып кетіпті. Ертеңіңде қайырылып соқты.

Ай аралатып келіп, өріс жаңа-лап, көшіріп тұрамын сендерді. Мен белгілеп кеткен өрістен ұзап аттап бассаң болды, алабайларым асап қояды. Сен қой бағасың, ала-бай төбеттерім сені бағайды. Бұлар құл бауға үйретілген иттер. Менен қашып құтылу жоқ саған. Ұқтың ба? — деді Тапан. Мен басымды ізедім. («Тарта бер, жұртым, тарта бер!».* — «Аппамыс батыр» жырында Ұл-танкүл қол-ағын кісендеп, көкпарға салғандағы Жәдігердің зары»).

9 «Менен қашып құтылу жоқ саған. Ұқтың ба?» деген Тапанның сөзі-не басымды ізеп қала берсем де, мен бәрібір бетпақ даладан безіп шығудың қамын бір сөз есімінен шығарған жоқпын. Ол үшін алдымен алабайларды айбарынан айырып, барақ иттің бабына келтіріуім керек болды. Қалай? «Көнігі аңшылар қақпанға түскен қасқырды тұмсыққа соғып алады» деуші еді Көшкін кө-кем. Ат үстінде ағызып келе жатып, тұз тағысын шоқпармен тұмсықтан соғып, мұрттай ұшыратын аңшы-лар туралы да құлағыма қалған сөз бар еді. Содан: «алабайлардың да жаны — тұмсығының ұшында» деп ол түйімді тыным. Алабайлар жаман лашық пен қостың қасында, қотаның басында — бейбіт, тыныш. Менің қолымнан итаяғын жалай-тындарын жақсы біледі. Еркелеп ойындай, басыма секіріп, балақ жүздерін түтетіп, жарысып жүгіреді. Түнде құм төбелерді кезіп, шар-лап келіп, «бәрі тыныш, алансыз ұйықтай бер» дегендей, екеуі екі жағыма келіп, алғы жүніміен көміп жататын. Тек өрістен ұзасқан болды, көздерінен от шашып, ызбарланып, алдында ырылдап тұрып алады. Мұндай кезде ұялас алабайлар Тапанның ит түріне ұқсап кететін.

«Осы екеуіне даланың берісі кез-дессе, қайтер екен, — деймін тілеуі, — бәрі болғанда өзі албәрі, ашулы, аш бәрі болса. Екеуін бірінен кейін бірін жеп, құйрықтарын құмға қадап көтсе ғой, шірікін». Құм боздаған түндерде жатып қиялымда абадан іздеймін. Қиялымдағы абадан кей-де мені іздеп жортады. Түсімде де сол абадан қасқырды көремін. Ұшы

келте құлақтарын жымып тастап, түсімде абаданым мені әлдеқайда ертіп бара жатады. Және бұл түсті жиі көремін. Қайталап көремін. Түсімді шалға айтсам, ол қарадай жанынан түңіледі: «Ойбай, ондай сұмдық түсті көре берме. Түсінде пәле шақырма. Қасқыр — жауыз аң, алдымыздағы отарды қырып кет-се, Тапан бізді мына құмға тірідей көмеді». Мен қасқырдың киелі аң екеніне шалды сендірігім келіп дау-ласамын.

— Қасқыр — киелі аң, албаты малға шаппайды. Оның несібесі — түзде. — Қасқырың құрысын, атын атама! — Менің түсіме қасқыр бекер кіріп жүрген жоқ, мен бір күні мына бетпақ даланы жарып өтіп, жол табамын. Құлдықтан құтыламын, көресің. Ал-матыға бір жетсем, көптің бірі болып қалмаймын, қаланың көкжалына ай-наламын. Тапандарды аяққа салып таптаймын. Сені келіп құтқарамын, шал!

— Дегеніңе жет, бірақ, мен түске сен-беймін. Түс адамды ұшпаққа жет-кізер болса, талай түс көрдік қой. Қайда сол түстерім? Бәрі өтірік, бәрі жалған.

— Түске сенбесең де Құдайға се-нетіп шығарсың. — Құдайға молдалар, поптар, содан соң байлар сенеді.

— Молдалар мен поптардың жайы түсінікті. Байлар неге сенеді? — Өйткені Құдай байларды жа-рылқаған. Адамдар жайлы тұрмыс пен жақсы жайда өмір сүргенде ғана Құдайды сүйеді. Сүйеді, сүйген соң сенеді.

— Ал, сен Құдайға сенесің бе? — Мен Құдайға сеніп не қыламын? Құдай мені не қылады?

— Істесе, сен Құдайға таптық көзқа-рас тұрғысынан қарайды екенсін.

— О не дегенің?

— Құдай жаратқан пендесін «бай» «көдей» деп белгімейді. Құдай — бәрі-не ортақ.

— Бәріне ортақ Құдай бізді құм қой-наудынан суырып алып, Тапанның құлдығынан құтқарады деп ойлай-сың ба?

— Ол үшін адамның өзінде құлшы-ныс болуы керек. Мысалы, сен, Істесе, жадау торымен қой бағып төлендеп жүре беремін деп ойлай-сың. Мен қашып құтыламын деп ой-лаймын.

— Қашып құтылу мүмкін емес. Мына айқай құмда жауу жалпы адам шөл-ден ұшып өледі.

— Мен өлмеймін.

— Сенің балалық қиял ғой, құтырма, артыңды қыс та Тапанның малын бақ. Сонда өлмейсің.

— Шал, саған сөз шығындап отырған мен ақымақ екенімін. Қашпасаң құм қауып жат осында. Ал мен бір күні Алматыға жетемін.

Шалды лашықта қалдырып, шағыл құмда қой жайып жүргенмін, көзіме тас шоқпардың басындай сексеуіл-дің шор боп қатқан бұтағы ілінді. «Осыны бір кәдеге жаратармын».

Жүзінге жүздіріп, бұйырғының ба-сын шалдырып, құмқияққа жусата жайып, отарды қотанға қайырма-мын, алдымнан арбандап алабай-лар шықты. Артқы аяқтарымен тік тұрып, ердің қасына артылғанда, кеудесі торшоплақтың белін жаба-тын алып төбеттердің бірі әдетте-гдей арсалаңдап келе бергенде, мен әлгі сексеуілдің шор боп қатқан бұтағымен тұмсыққа қағып қалдым. Төбет қынсылап, сырғып түсті. Екін-ші төбет те менен күтпеген сыбаға-сын алып, құйрығын қыса жөнел-ді. Отарды қотанға иіріп, шалдың шікіліп-пысылы тамағымен аш өзе-гімді жалғап алған соң, төбеттердің «тәрбиесіне» кірскенем. Алдымен ұяластың бірін шылбырлап, шылбы-рдың екінші ұшына сексеуілді түйіп байладым. Сосын, шылбырлармен төбетті жетегіме алып жүріп келе жаттым да, сексеуілмен тұмсықтан қойып қалдым. Төбет қаңт етті де қынсылап, тұмсығын жалап, мүйіз-ім күйге түсті. Қара қоста қатталып жатқан қаптың бірін сүйреп сыртықа шығарып, алабайдың алдына таң-сық асын тостым. Алабай итаяғына аузын сала бергенде, тұмсықтан оң-дырмай және ұрдым. Ашқарақ ала-бай арынын тежеп, шоқиып отыра кетіп, маған көзін сата қыңсылады.

Төбеттің көзінен сонда барақ итке төн бағыныштылықты байқағанмын. «Қожайын, — дейді оның көзінде-гі жалыны жас болып жуылып, — итаяғыма тамақ салып, танаулата ұрғаның не? Мен саған не жаздым? Мынау алдымдағы асымды жей-ін бе, жоқ, жемейін бе? Сен қашан рұқсат етесің?». Осылайша екі тө-бетті кезек жетектеп, сексеуілдің бұтағын шылбыр ұшында ойнатып жүріп әбден бағындырып алдым. Мен «отыр» десем ұялас алабай-лар шоқып отыра кетеді. «Жат» десем — жатады. «Тұр» десем — тұрып, «жүгір» десем — жүгіреді. Шалмен өткендегі аз-кем әңгімеден кейін оның бар-жоғы белгісіз мар-жасы мен балалары былай тұрсын, мен де одан күдерімді үзгенмін. Ол — тағдырына да, Тапанның құлдығы-

на да әбден мойынұсынған адам. Мұндай адамды азат өмірге байлап апара алмайсың. Ол, тегі, өмірде күрес бар екенін, алыс-жұлыс бар екенін, адам жаны қалаған жақсы тұрмысқа жағаласып жүріп жететінін еш түсініп, түйсінбестен тірілік кешіп келе жатқан сияқты. Мұндай адам-ның қасында қалу қауіпті. Ол сені өзімен бірге қарауыйыққа ала кетеді. Ол сенің жастық жалыныңды сен-діріп, жігерінді құм қылып, анау құм төбелердің етегіне апарып төгеді. Құдайға сенбейтін Степан шалға се-нуге өсте болмайды. Құдайсыз адам — құрдымға мәңгі құлаған адам.

Аңызға есіп, аптап бұған күндердің бірінде отарды тастап, өрісті де соңыма қалдырып, шекара ай-мағынан шығандап кеткенмін. Әдеттегідей алабайлар арпыл-дап соңымнан салып ұрып жетіпті. Менің қолымнан итаяғын жалап жүрген иттер екені естерінде жоқ: азу тістерін ақитып, желкелерін күжірейтіп, жолымды кес-кестей береді. Сол кезде беліме орап бай-лаған шылбарды тарқатып, ұшын-дағы сексеуілдің тас бұтағын үйіріп кеп қалдым. Міне, керемет, екі төбет жер бауырлай жылжып кеп аяғыма оралды. «Құл баққан алабайлардан құтылдым, енді қызыл құмды қақ жарып өтіп, Тапанның мелігін тастап шығуым керек» деп түйімді ішімнен. Әлгі байламымнан кейін, асығыс қимылдап, күн батпай отарды иіріп жіберіп, шалдың: «Қой, ойбай, Та-пан атып өлтіреді, құртады!» — деген бажылына қарамай, құйрығы кер-сендей дәу қара қойды сойдым да жолға дайындалдым. Қойдың құй-рық майын тілшелеп тұрап, аздап тұз сеуіп, етін біреу күн желге қақты-рып қара қазанға тоғыттым. Тілше-ленген құйрық май — әрі сусын, әрі азық. Шөл қысқанда құйрық майды таңдайына салып сорсаң шөлінді басады, әл береді. Қойдың шақтап асқан еті — жол азығым.

— Ал, Істеке, қайыр-хош! Айтқаным — айтқан, Алматыға аман-есен жет-сем, түбі бір қайырылып соғармын. Сосын сені құлдық пен құм құрса-уынан босатып өкетемін. — Шал бү-жектеп, күмілжіп төмен қараған: — Мен сені көргем жоқ. Сенің қашып кеткеніңді білгем жоқ.

— Е-е, жөн, Тапаныңа солай де. «Ит-тің баласы бір қойды қандап, етін арқалай қашыпты» де. Мен жола-зығымды қамдап алған сияқтымын, артылған етті алабайлардың аста-уына тастамай өзің же, тоя же! Сүй-ек-сағиян көміп таста.

Осыдан апта бұрын Тапанның жан-дайшаптары келіп, алабайлардың қосын азыққа толтырып, бізге де қаужандап қажалауға жарайтын қатқан қара нан мен қалбырдағы майшабақтарды тастап кеткен. Мен сонда балуан жоталы дөңкиген құм-ның үстіне шығып алып қарадым да жаттым: Тапанның дәу қара Джипі ізінен шеге құмның шаңын ілестіріп, буалдыр сағымға сіңген. Міне, бүгін екінші күн, мен сол жолға түсіп, жалғыз жаяу келе жатырмын. Әлі тынымын. Құмырадағы қайнаған суды елтеп қана жұтып, еттен де шөкімдеп ауыз тиемін. Алда алыс жол жатыр.

10 Бүгін — төртінші, әлде бесінші күн, жолдамын. Қалжырап бастадым. Құм жалынан жарты көлеңке тапсам — бауырымды төсеп жата кеткім ке-леді. Бірақ өзімді өзім қамшылап, бараз жер ілгерлеуге талпынамын. Табағым тызылдап, екі балтырым удай ашиды. «Сәл аялдайықшы», — дейді аяқтары. Кеудем алға ұм-сынады: «Жоқ, күн батқанша, жер ұтайық, жүрейік!». Құм далада көз — жетекші, кеуде — жетекке еруші, аяқ еріншек келеді екен. «Анау қарайған не? — дейді көз, — не де болса, соған жетіп жығылайық». Кеуде елең етеді, аяқ еріне баса-ды. Қарайғана жеткенше, кеуде күбірлеп сөйлеп барады: «Қарайған нәрсе болса, жайылып жүрген мал шығар? Мал бар жерде адам бар. Өзім секілді адам. Ат мінгізбесе де жөн сілтейді. «Осы бетіңмен тура жүре берсең тас жолға шығасың. Тас жолға шықсаң, автокөліктер ағылып жатыр. Бірі болмаса, бірі ала кетеді ғой», — дейді қайырымды адам». Кеуденің күбірін тыңдап, үмітіңді үкілеп, жаңғы қарайғанға да жақындайсың. Сонда көресің: сонадайдан қол бұлғап шақырған қарайған — мал да, жан да емес, то-раңғы екен. Құмның майда шаңына тұншығып, тұнжырап тұр. «Сені ал-дап шақырған мен емеспін, — дейді ол, — сені алдаған көзің ғой». Сау-сарыңдығы бүгіп, көзіңді батыра уқалайсың. Көзден булығып ыстық жас төгіледі: «Менің не киінем бар? Менің киім — қарайғанды көргенім бе?». Тораңғының тырыған көлең-кесіне басыңды сұғасың: кеудең жасып құм қабады, аяқтарың діріл қағып, ыстық құмға көміледі. Күн-нен жаңылдым. Құмда уақыт жоқ — таң атып, кеш батыш мезгіл ғана бар. Өйтсе де қабыршықтыңың жа-рылған еріндерімді жалап қойып, күн санаған боламын. «Лашықтан

ұзаған күні жолда бір қондым. Со-дан кейін екінші күн қондым, содан соң үшінші күн... ә-ә, бүгін оныншы күн». Тораңғының жапырақ түбінде қылтиған нәзік бұтақтарын сыпы-рып алып, он талын қалтама сал-дым. Осы он талды оң қалтамнан сол қалтама, сол қалтамнан оң қалтама ауыстырып жүрмекпен — сонда күннен жаңылмаймын.

«Он күн, апыр-ау, он күннен бері қайда жүрмін? Қайда кетіп бара-мын? Мынау құм мұхитының шөті мен шегі бар ма өзі, жоқ па? Тапан-ның машинасы таптап кеткен құм бетінде жұқана із қалған еді ғой. Мен сол ізге өрген едім ғой...». Түн ортасында оянып кеттім. Те-рен қатпарынан салқын сыз төпкен құм мені құшағына алып, ұйықта-тып тастапты. Бойым сергіп, санам сайрап қоя берген. «Өнеу бір құм төбеге көтеріліп, Ай жарығымен жер шолайын».

Күндіз сағым кілкіген сахараның апай төсі ашылып, төңірек түкпір-лей түріліпті. Құм жоталарының бауырында ұйған көлеңкелерден өзге дүниенің бәрі тұп-тұнық. Ке-нет, шөккен нардай құмының бүй-ірінен от жарығы жылт еткендей болды. «Бұл не, от па? Кәдімгі от па? Біреу жалпылдатып от жағып отыр ма? «Ай тақыр даладағы түнде шайтандар да от жағып ой-найды» деуші еді, сондай бір көл-денең қырсыққа кез болып тұрған жоқтың ба?». Мен тәуекелге бел буып, оттың жарығына қарай жүрдім. Өуелде қарыс тұтам жер-ден көрінген оттың жарығы мен өн-телеп ілгері басқан сайын жымың қағып алыстай берді. Алдымдағы түйе мойнақтан оңай асармын деп ойлағанмын, ол бірақ жотасын ал-дырмай көтеріліп кетті. Оның ар жағында ыңыранып тағы бір жоны биік құм асу жатыр. Мен құлашым-ды созып алға ұмтыламын, құм аяғымды кісендеп кері тартады. Ай жамбасқа ауғанда, жаңып-өшіп өлеусірген оттың жарығына таяға-надай сездім. «Ау-ау!» Түнгі даланы толтырып, иттердің үрген дауысы естілді. Алдымен жеп қо-ярдай ағындап келген қос төбет келе аяғымды құшқан. Мен құм шағылдардың арасын шарлап, жыртқы лашығыма қайта оралып-пын...

11 — Тілді алмайтын неме екен-сің, саған айттым ғой, — деді шал, — құм құрсауынан бәрібір құтыла алмайсың.

Мен алабайлардың қара қосы мен шалдың жаман лашығын талай қалдырып, жалқы сөт дамыл тап-падым. Бір жыл солай талпындым. Құм қойнауында сөйтіп бір жыл адастым. Тораңғының нәзік бұта-лары қалтамнан қалтама ауысты. Қалай талпынсам да, қайда бет алып қашсам да, Тапанның қара Джипінен қалған жолдар мені жалбыраған лашыққа алып келді де тұрды. Менің үмітім үзілуге ай-налған. Шалды қажап, бұрынғыдай әңгімеге тартпаймын. Күбір-сы-быр сөзге де зауқым жоқ. Мен де қазір мына мәңкубас шалға ұқсап барамын. Ол, әне, торшоплақтың ерін сыпырып, ер қажаған жауы-рына құмның қиыршығын септі. Шоплақтың тер мен жауыр иісі сің-ген тоқымдарын шайды. Қақыры-нып-түкірініп, дәрет сындырды. Қолын құмға жуды. Сол тұнжы-раған қалпы келіп, темір батақтағы сұмлық сорпаны сораптады. Та-мағын ішіп, кір баттасқан дастар-ханнның шетін қайырып қойды да, күрк-күрк жетеліп, махоркасын орады. Бет-ауызын темекі түтініне ыстап, ұстара тимеген сақал-мұр-тын түтінге көміп отырды да жаға-жеңі, омырауы кірден жыштырап, майланған күпәеінісн жамылып, құрым киізге қисая кетті. Мен де алабай төбеттердің ортасын ала құладым. Ешкімге ыза-кегім де, өкпем де жоқ. Көзімді жұмсам қа-сыымнан табалатын әке-шешемнің елес-бейнесі де булығып тартып, көрінбейтін болған.

Жадымда жаңғырып тұратын сөз-дері, ақыл-кеңестері — бәрі-бәрі ұмытылған. Осылай бейдауа күн-дерді өткіріп, түнде шалқалап жатып толған Айға қараймын. Ай аппақ... «Ай — жердің аппақ бала-сы, — деймін күбірлеп, — түнде Ай жерді жетелеп жүреді». Осыны айтып орныман серпіле көтеріліп-піні: «Ай жерді жетелеп жүреді. Ай мені де жетелеп, мынау ұлы құм-ның қақпан құрсауынан бір күні алып шығады». Әдеттегідей жола-зығымды сайлап алған мен Айға ұзақ қарап тұрдым да, түн кезіп жолға шықтым. Қайтпаймын, түбі Алматыға жетемін.

Мұхиттарды сапырып, жерді кін-дігенен ұстап тұрған Айды сырда-здар асқан ару қыз екен дейді. Мен ол аңыздардың хикаясын терең білмеймін. Менің білетінім: Ай адасқандардың жолына аппақ күміс сәулесін төгіп, тура жолға бастап барады.

23 сәуір, 2025 жыл Алматы ADEBIPORTAL.KZ (Соңы ,Басы өткен сандарда.)

ЖАҢА КОДЕКС ТҮСІНДІРІЛДІ


Күздің алғашқы айында ойыл-дықтар үшін маңызды басқо-су өтті. Өткен сейсенбі күні «Шұғыла» мәдениет және демалыс орталығында 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енетін жаңа Салық ко-дексін түсіндіруге арналған семинар ұйымдастырылды. Шараға Ойыл аудандық Мем-лекеттік кірістер басқармасы мен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы бірге ұйытқы болды. Жиынның басты мақсаты - салық саласындағы жаңа-лықтарды қарапайым әрі түсінікті тілде жеткізу, кәсіп-керлер мен тұрғындардың кө-кейіндегі сұрақтарына нақты жауап беру болды. Өйткені салық - ел экономикасының тірегі, ал оны дұрыс әрі уақы-тылы төлеу - әрбір азамат-тың ортақ міндеті. Семинар барысында облыстан келген мамандар жаңа кодекстегі ең өзекті тұстарды атап өтті. Атап айтқанда, корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы, жеке табыс салығы мен база-лық шегерімдер бойынша ен-гізілген өзгерістер түсіндірілді. «Біздің мақсатымыз - тұрғын-дарды заңдағы өзгерістерден хабардар етіп қана қоймай, олардың сұрақтарына нақты жауап беру. Себебі салық - баршамызға ортақ іс. Әркім өзіне қажетті ақпаратты ашық ала алса, бұл мемлекет пен халық арасындағы сенімді арттырады», - дейді басқарма мамандары.

Сондай-ақ арнаулы салық режимдерінің саны енді тек үш түрімен шектелетіні ай-тылды. Бұл - салық жүйесін ықшамдап, кәсіпкерлер үшін

қолайлылық туғызуды көз-дейді. Кездесуде салықтық тексерулер мен камералдық бақылау жүргізу тәртібіндегі жаңа нормалар да талқылан-ды. Бұл өзгерістердің бар-лушы ашықтықты арттыруға, салық төлеушілердің құқығын қорғауға және салық салу жүйесін жеңілдетуге бағыт-талғаны атап өтілді. Жиынға аудан кәсіпкерлері, шаруа қо-жалықтарының басшылары мен мүшелері, заңды тұлға-лардың өкілдері, мемлекет-тік мекемелердің есепшілері және мемлекеттік кірістер ор-ганының қызметкерлері қатысты. Жалпы саны 60-қа жуық адамды қамтыған семи-нарда қатысушылар өздерін толғандырған сұрақтарын қой-ып, мамандардан тікелей жа-уап алды. Қатысушылардың көпшілігі бұл тақырыптың өзектілігін тағы бір дәлелдеді. Әсіресе салықтың жаңа тәртібі шаруалар мен кәсіпкерлердің күнделікті жұмысына қалай әсер ететіні туралы сұрақтар көп қойылды. Департамент мамандары әр сұрақты жеке талқылап, түсінікті мысалдар-мен жауап берді. Мұндай кез-десулер тұрғындарға үлкен мүмкіндік беріп қана қоймай, салық органдары мен халық арасындағы сенімді нығайта-ды. Осыған байланысты ап-таның әр бейсенбісі күні сағат 15:00-18:00 аралығында ау-дандық кірістер басқармасын-да «Ашық есік күні» өтетінін еске салды. Бұл уақытта кез келген тұрғын келіп, өзіне қа-жетті кеңес пен ақпарат ала алады.

ӨЗ ТІЛШІМІЗ

ЛИСТЕРИОЗДЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН...



Листериоз негізінен сирек кез-десетін жұқпалы ауру. Лимфо-идты тіннің және жүйке жүй-есінің қатты зақымдануымен, азгада (негізінен бауырда) спецификалық ісіктердің да-муымен сипатталады. Ли-стериоздың қоздырғышы патогенді бактерия - Listeria monocytogenes.

Қоздырғышты жұқтыру көз-дері кеміргіштер, оның ішінде тышқандар, егеуқұйрықтар, су тышқандары, қояндар. Қазіргі уақытта листериоз үй жануар-ларын да, құстарда да байқа-лады.

Жабайы жануарлардың көпшілігінде листериоз ауруы-ның көріністері байқалмай-ды. Жабайы жануарлардың көпшілігінде листериоз ауруы-ның көріністері байқалмай-ды, бірақ олар қоздырғышты сыртқы ортаға бөледі. Бірне-ше жұғу жолдары бар. Али-ментарлық жұғу жолы (тағам арқылы) — жеткіліксіз терми-ялық өңдеуден өткен сүт және ет тағамдарын пайдалану, синантроптық кеміргіштер-мен ластанған көкөністер мен суды пайдалану. Аэрогендік жол — малшаруашылық жай-ларды тазалау кезінде, құс фабрикалары мен үй жағдай-ында қауырсын мен мамықты жинау уақытында ауа — шаң арқылы жұғады. Жанасу арқылы жұғу — бұл механизм жануарларға қарау, ет комби-натында өнімдерді өңдеу ба-рысында, сүт зауытында, құс фабрикасында жиі кездеседі. Вертикальді жұғу жолы сирек кездескенімен, нәтижесі қын-дықтарға әкеліп соғады. Өй-ткені іштегі нәрестеге жұғу —

түсік тастау, мезгілінен бұрын босану және тоқтап қалған жүктілікке әкелуі мүмкін. Ли-стериоз сирек кездесетін ин-фекция, алайда иммунитетті әлсіз адамдарда ауыр түрде өтеді және өлімге әкелуі мүм-кін. Нәрестелер мен жүкті әй-елдер қауіпті топқа жатады.

Клиникалық белгілері ересек-терде баспа, тамақтың қызару-ы, дене қызуының көтерілуі, жөтел, лимфа түйіндердің ұлғаюы, ал процестің асқынуы барысында сепсис бастала-ды. Жиі кездесетін клиника-лық көрінісі — менингит пен менингоэнцефалит болып та-былады.

Алдын алу үшін тек терми-ялық өңделген өнімдерді, әсіресе термиялық өңделген ет, балық, сүт өнімдерін пай-далану керек. Көкөністерді, жеміс-жидектерді мұқият жуу, тек тексерілген және тазар-ылған су ішу, қол гигиенасын сақтау, шикі етті кесуге ар-налған пышақ, тақтайларды, қолданылатын ыдыстарды жуу және өңдеу, шикі және пісірілген тамақ өнімдерін сақтау кезінде сұрыптау, жа-нуарлармен, олардың тері, жүнін ұстайтын, листериозбен ауыратын науқастармен және басқа да тәуекел топтарымен байланыста болатын адамдар-мен

АНА ТІЛІ - ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕНІНІң АЛТЫН ДІңГЕГІ
ТІЛДІң БОЛАШАҒЫ ҚАЗІРГІ ӨСІП КЕЛЕ ЖАТҚАН ҰРПАҚТЫң ҚОЛЫНДА. ҰЛТТЫҚ МӨДЕНИ-
ЕТ ПЕН АНА ТІЛІ - ЕГІЗ ҰҒЫМ. АНА ТІЛІМІЗДІ АРДАҚТАП, ҰРПАҚТАН - ҰРПАҚҚА ЖЕТКІЗУ
БАСТЫ ПАРЫЗЫМЫЗ. ТІЛ ТАҒДЫРЫ - ЕЛ ТАҒДЫРЫ. ТІЛ - БІР ҚАРЫМ-АТЫНАС ҚҰРА-
ЛЫ ҒАНА ЕМЕС, ҰЛТЫМЫЗДЫң БИІК ТҰҒЫРЫ. ДЕМЕК, БҰЛ БІР АДАМҒА ҒАНА ҚАТЫСТЫ
ЕМЕС, БАРЛЫҚ ҚОҒАМҒА ҚАТЫСТЫ.

Әр халықта тіл сөйлеу мен оиды жеткізудің құралы ғана емес, өзге елдердің алдында дәрежесін айқындап, тарихынан хабар беретін, еңсесін биік көтеріп, болашағына болжам жасайтын қасиетті де, қасиетті тұғырлы қаруы екені мәлім. Баршаға мәлім қай тілде сөйлесек, сол тілде ойлаймыз. Сол тілде ойлаған соң, жан дүниеміз сол тілге бейімделіп, сол тілдің жанашырына айналамыз. Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті. Халқымыз тәуелсіздігін алғалы ширек ғасырға жуық уақыт өтсе де, кейбір азаматтарымыздың тілді мойындаса да игеру асықпайтындығы. Ал болашығымыздың қазақ тілінде екендігін ескерсек, тіл төңірегіндегі кемшіліктерді түзеу, әрбір елім дейтін азамат

үшін, ат үсті қарап, айналып өтуге келмейтін мәселе екендігі даусыз. «Ана тілі дегеніміз – сол тілді жасаған, жасап келе жатқан халықтың баяғысын да, бүгінгісін де, болашағын да танытатын, сол халықтың мәңгілігінің мәңгілік мәселесі. Ана тілін тек өгей ұлдары ғана мәнсінебейді, өгей ұлдары ғана аяққа басады» деп Ғ. Мүсірепов айтқандай елдің болашағын, тілдің болашағын сақтау баршаның міндеті. Бірақ қазақ тілі – тек қазақ халқының тілі емес, мемлекеттік тіл – ортақ тіліміз. Әр адамның азаматтық қасиетті-салт-дәстүрін сақтаумен, өзінің туған жерін, атамекенін сүюмен, өзінің ана тілін білумен өлшенбек. Татулық пен тұрақтылықтың негізіндегі болған туған тіліміз тұғырлы, тәуелсіздігіміздің ғұ-

мырлы болуы үшін баршамыз тіл мерейінің жоғарылуы үшін әрекет ету қажеттілігі туындап отыр. Тіл меңгеруде ата-ана мен білім ұяларының рөлі ерекше екенін, әр отбасы бесіктен бастап балаға қазақ тілін үйретуді қолға алу басты мақсат. «Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас» демекші өз ана тілін білмеген жаннан, анасын сыйлайтын жанның шығуы неғайбыл. Қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің жұмыста қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қоныссыз-ақ жайт. Ендеше, тілімізді – ұлтымызды, отбасымызды қадірлегендей қадірлейік! Туған тіліміздің мерейі үстем болсын!

Г. ТАҢКИЕВА,
Ойыл аудандық сот
өкімшісінің басшысы.

ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯ КОММУНАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТІң
ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҒЫН ТАЛҚЫЛАДЫ

ӨТКЕН АПТАДА АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫң ДЕПУТАТЫ, КОМИССИЯ ТӨРАҒАСЫ ЕРКІН ЖИЕНАЛИННІң ТӨРАҒАЛЫҒЫМЕН АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫң ӨЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ, БЮДЖЕТ, ХАЛЫҚТЫ ӨЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ЖӘНЕ АГРАРЛЫҚ САЛА МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ЖӘНЕ БІЛІМ, ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ҚҰҚЫҚ ТӨРТІБІ ЖӘНЕ ЖАСТАР САЯСАТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӨНІНДЕГІ ТҰРАҚТЫ КОМИССИЯЛАРЫНЫң КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫСЫ ӨТТІ.

Комиссия отырысына аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолин, аудандық мәслихаттың депутаттары, аудан өкімінің орынбасары С. Сүлеймен, аудандық Қоғамдық Кеңес төрағасы М. Арыстанов, тиісті мекеме басшылары, ауылдық округ өкімдері қатысты. Комиссия отырысының күн тәртібіне бірнеше мәселе ұсынылып, талқыланды. Алдымен комиссия мүшелерінің назарына Ойыл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы №200 «2025-2027 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Б.Әділхановтың хабарламасы ұсынылды.

Яғни, аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшы-

сы Б.Әділханов өз хабарламасында облыстан бөлінген трансферлер мен басқа да қалдық қаражаттарды аудандық бөлімдердің сұранысымен ауданның қажетіне қарай жұмсауды ұсынып, бекітуін сұрады. Депутаттардың кейбір сауалдарына орай аудан өкімінің орынбасары Саян Сүлеймен қаражаттың негізінен кезек күттірмейтін мәселелерге бағытталып отырғанын айтып, түсінік берді. Одан кейін жер заңнамасының сақталуын, жерді қорғау және пайдалану талаптарын қамтамасыз ету жөніндегі қызметі туралы аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы М.Төремұратовтың және Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» заңының орындалу барысы туралы аудандық

жастар ресурстық орталығының басшысы Ж.Ізғариналардың хабарламалары тыңдалса, «ҚазТрансГазАймақ» АҚ Ақтөбе өндірістік филиалының Ойыл аудандық бөлімшесінің атқарылған жұмыстары туралы және алдағы жылға жоспары туралы Ойыл газ шаруашылығының маманы Сұлтан Муса, «Көкжар» КМК-ның директоры С.Құлбаев, «Казхтелефком» АҚ Ойыл аудандық байланыс торабының басшысы Ә.Қаратаев, «Казпочта» АҚ Ойыл аудандық почта байланыс торабының бастығының уақытша міндетін атқарушы Д.Дабыловалар өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы баяндаса, ауданның коммуналдық қызмет саласының қысқа дайындығына байланысты ұсыныс-пікірлер айтылып, күн тәртібіндегі мәселелерге сәйкес қаулы қабылданды.

СЕССИЯ

САМАҚТЫ САУАЛДАР, ЖИНАҚТЫ ЖАУАПТАР ТОҒЫСТЫ

Аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолиннің төрағалық етуімен аудандық мәслихаттың кезекті жиырма бесінші сессиясының отырысына аудан өкімі Асқар Қазыбаев, аудан өкімінің орынбасары С.Сүлеймен және М.Айдарбаев, аудандық Қоғамдық кеңес төрағасы М.Арыстанов, аудандық мәслихат депутаттары, тиісті мекеме басшылары және ауылдық округ өкімдері қатысты. Сессияның күн тәртібіне ұсынылған мәселелер бойынша алдымен аудан өкімі Асқар Қазыбаев өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы баяндама жасады. Сондай-ақ, жер заңнамасының сақталуын, жерді қорғау және пайдалану талаптарын қамтамасыз ету жөніндегі қызметі туралы және аудандық мәслихаттың 2025 жылғы 5 мамырдағы №229 «Аудандық жер комиссиясының құрамын және ережесін бекіту туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы аудандық жер қатынастары бөлімінің басшысы М.Төремұратовтың хабарламасы тыңдалса, одан кейін өзіне жүктелген функциялар мен міндеттердің орындалуы туралы аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі басшысының есебі мен «Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын

ұйымдар жұмыскерлерінің лауазымдық айлық ақыларына ынталандыру үстемақысын белгілеу туралы» аудандық ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімінің басшысы Ұ.Төлеуішева баяндады. Ақтөбе облысы Ойыл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 23 желтоқсандағы №200 «2025-2027 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы» аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы Б.Әділхановтың хабарламасын тыңдаған депутаттар аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 27 тамыздағы «Төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі аудандық комиссиясының дербес құрамын бекіту туралы» №174 шешіміне, аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 27 тамыздағы «Аудан өкімдігі жанындағы көмектеке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» №176 шешіміне, аудандық мәслихаттың 2022 жылғы 27 тамыздағы «Терроризмге қарсы комиссияның дербес құрамын бекіту туралы» №171 шешіміне өзгерістер енгізді. Ал, депутаттар өз кезегінде аудан басшысына бірнеше сауалдар жолдап, халықты толғандырған мәселелерді

жеткізді. Мәселен, депутат Сайран Саматұлы Сарбие ауылының ауыз су мәселесін көтерсе, депутат Тілекбай Әміров те Көптоғай ауылдық округіне қарасты Қарасу ауылының бірнеше жылға созылған ауыз су құбырының құрылысын аяқтау туралы көпшіліктің тілегін айтып, ауылшілік жолдар мен Қарасу ауылына қатынайтын көпірді жай-күйін жеткізіп, жөндеу жұмыстарына көмек сұрады. Сондай-ақ, соңғы жылдары «жыр болған» Көптоғай ауылындағы орта мектептің жылу жүйесін жуырда ғана ауылға қосылған көгілдір отынға ауыстыру жайын тездетуді өтінді. Ал, депутат Назгүл Ешпанова Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округтің орталығы Қаратал ауылындағы балабақшаның қашан іске қосылатындығын сұрап, округке қарасты Қарасу ауылына ұялы байланыс қосу және газдан-дыру мәселелері туралы сауалдарын жолдады. Ал сессия соңында аудандық мәслихат депутаты Жангүл Изғарина аудандық мәслихаттың кезекті жиырма бесінші сессиясында аудандық бюджетті нақтылау туралы шешім жобасына жасаған қорытындысын баяндаса, депутат Еркін Жиеналин аудан өкімі Асқар Қазыбаевқа депутаттық ұсынымын жеткізді.

ҰЛТТЫҚ ДӘСТҮРДІ ДӘРІПТЕП...



Ойыл ауданына Астана қаласы Республикалық Ұлттық музейінен делегация келіп, ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің тарапынан материалды емес мәдени мұра элементтерін тізімдеу бойынша далалық экспедиция жұмысы жүргізілді. Экспедиция жұмысына Ойыл аудандық Аналар Кеңесі атсалысып, аналар «Дәстүр дариясы» жобасы аясында бесікке салу дәстүрін көрсетіп, бесік жырын шырқаса, «Әйел бақыты» жас келіндер клубы ұмытылып бара жатқан ұлттық құндылықтар туралы сөз қозғады.

ОТБАСЫ - ЖҮРЕКТІң ЖЫЛЫ ҰЯСЫ

Адам үшін өмірдегі ең қымбат, ең ыстық орта - Отбасы. Өйткені отбасы - әр адамның алғашқы қадам басатын мектебі, ең алғаш қуанышты бөлісіп, бір-біріне сүйеніш болатын алтын бесігі. Отбасы – сондай-ақ, мейірім мен сыйластыққа құрылған шағын мемлекет. Онда ата-ананың мейірімі, бауырдың қамқорлығы, баланың шат күлкісі - бәрі бір-бірімен үйлесім тауып жатады. «Жақсы сөз - жарым ырыс» дейді дана халқымыз. Отбасында айтылған әрбір жақсы сөз мейірім болып төгіліп, болашақ ұрпақтың бойына ізгілік пен адамгершіліктің дәнін себеді. Шаңырақ шаттығы мен бірлігі -



әр адамның жүрегіне мәңгілік жылылық сыйлайтын ең үлкен байлық. Өйткені, отбасы - жүректің жылы ұясы, өмірдің

мәні мен сені. Айсезім ҚУАНАЕВА, Ойыл қазақ орта мектебінің 11 сынып оқушысы.

ЖАСТАР ОРТАЛЫҒЫ — ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҰЛЫҚТАДЫ



ӘР ОТБАСЫНЫң ӨЛ-АУҚАТЫ - МЕМЛЕКЕТТІң ҚҰАТЫ Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының жоспарына сәйкес, «Отбасылық әл-ауқатты жақсарту» тақырыбында аудандық «Қамқор» орталығының және полиция бөлімінің қызметкерлерімен кездесу өтті. Кездесуге Қамқор отбасын қолдау орталығының психологы Айгүл Маратқызы және Ойыл ауданы ПБ-нің ЖПҚБ ОТЗЗҚҚТ аға инспекторы Айбибі Құспанқызы қатынасты. Кездесу барысында «Қамқор» орталығында тіркеуде тұрған жас отбасыларды қоғамға бейімдеу, «NEET» санатындағы жастарға психологиялық, құқықтық көмек беру жөнінде сөз қозғалды. Әртүрлі әлеуметтік маңызы бар іс—шараларды бірлесіп ұйымдастыруды қолға алып, жұмысты жандандыру керек екені айтылды. Төуекел отбасылардың жасөспірім балаларының бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру мақсатында әртүрлі үйірмелерге қатыстыру туралы Ойыл аудандық оқушылар үйінің мамандарына ұсыныс айтылды. МЫҚТЫ ОТБАСЫ — МЕМЛЕКЕТТІң ТІРЕП 2025 жылғы 15 қыркүйек — Халықаралық отбасы күніне «Мықты отбасы - мықты мемлекет» атты жас отбасылармен танымдық кездесу кеші өтті. Жас отбасылар арасында ұлттық құндылықтарды, отбасы дәстүрін, сыйластық пен бірлікті насихаттауды көздеген кешке жаңадан шаңырақ көтерген жас жұбайлар, оқы-

рмандар, жастар ұйымының өкілдері қатысты. Кеш барысында қатысушылар отбасы бақытының негізі — өзара түсіністік, махаббат пен жауапкершілік екенін айта келе, тәжірибелерімен бөлісті. Отбасылық берекеге негіз болатын ұстанымдар сөз болды. Қызықты сұрақ-жауап, тренинг ойындары, естелік фотосуреттер, кешке ерекше көңіл-күй сыйлады. Іс-шара соңында жас отбасыларға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табыстырылып, қатысушылар игі тілек, жылы лебіздерін білдірді. «САЛАУАТТЫ ОТБАСЫ - БАҚЫТТЫ БОЛАШАҚ» Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығының жоспарына сәйкес 14 қыркүйек күні, «Салауатты отбасы - бақытты болашақ» тақырыбында жас отбасылармен кездесу өткізілді. Кездесудің басты мақсаты — Отбасы институтын дұрыс қалыптастыру. Ондағы ата — ана мен балалардың салауатты, дені сау болып өсуіне жағдай жасау тақырыптары ашық диалог ретінде ортада Ойыл ауылдық округі әкімі Рүстем Сағынғалиев және орталық басшысы Жангүл Изғарина, орталық мамандары тарапынан айтылып, сөз қозғалды. Жас отбасылар кері байланыс жасап, өз ойларын ортаға салды. Пікір алмасу кезінде жас отбасылардан ұсыныстар түсіп, назарға алынды. Шараға 6 жас отбасы қатысты. ЖАСТАРДЫ ҰЛТТЫҚ ӨНЕРГЕ ҮНДЕГЕН КЕШ Өткен аптада аудандық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен «Отба-

сылық дәстүрлерді қалыптастырудың маңызы» атты жас отбасылармен аналардың кездесуі өтті. Кездесуге «Қазақ аналары дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Зоя Дауылбаева және бірлестік мүшелері арнайы шақырылды. Сонымен қатар, Ойыл ауданы ПБ-нің отбасылық-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес тобының аға инспекторы полиция аға лейтенанты Айбибі Құспанқызы мен «Қамқор» отбасын қолдау орталығының психологы Айгүл Длимова қатысты. Кездесу кешінің қонақтары жастарға халқымыздың рухани байлығының бірі — отбасылық құндылықтар адамның бойында мәдениет пен адамгершілік қасиетті қалыптастыруда маңызды рөл атқарады және ортамен қарым-қатынас пен отбасы мүшелерінің өзара байланысын реттейтін принциптер, сенімдер мен нормалар жиынтығы деуге болатынын жеткізді. Отбасы құндылықтарының бірі — жанұядағы адамдардың бір-біріне деген сүйіспеншілігі мен қамқорлығы, махаббаты. Отбасының негізін, шындығында махаббат сезімі құрайтынын ұқтырған шарада аналарымыз ұлттық дәстүрлерге де тоқталып, көлеңер бұйымдары мен ұлттық тағамдарды, текемет тоқу мәдениеті, ұршық иіру, жүн түту, аяда жүн түту әдебі туралы да тілге тиек етті. Кездесудің сәнін Ойыл аудандық оқушылар үйінің отбасылық тақырыптағы қолөнер көрмесі аша түсті.